

Ө. Қожақұлы, А.У. Абдразакова* 

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

*e-mail: almusia@internet.ru

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕ БАЛЫҚ КӘСІПШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ (XIX ғ. – XX ғ. басы)

Мақалада XIX–XX ғасырларда Түркістан өлкесінде балық кәсіпшілігінің қалыптасуы мен дамуына Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы архивтерінің деректік қорларындағы жаңа құжаттық материалдардың және объективтік зерттеу принциптерінің негізінде талдау жасалды. Қазақстанның Ресей құрамына қосылуының нәтижесінде аймақтың саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық өмірінде түбегейлі өзгерістер жүзеге асты. Ресей империясы әкімшілік-саяси реформалар арқылы Қазақстанда басқарудың дәстүрлі жүйесін жойып, генерал-губернаторлыққа, округтерге бөлшектенді, нәтижесінде этникалық бірлік, тұтастық бұзылды. Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижесінде қазақ көшпелілері айырбас және сауда қатынасын жасайтын мүмкіндікке ие болды, қазақ ауылдарында сауданың дамуы барысында капиталистік, өндірістік қатынастар пайда бола бастады. Мақалада Қазақстандағы балық шаруашылығын дамытудағы өңірдің өзіндік ерекшелігі мен маңыздылығы айқындалды. Түркістан өлкесіндегі балық кәсіпкерлігінің қалыптасуының алғышарттары мен оның дамуына тікелей ықпал еткен ішкі және сыртқы факторлар, Оңтүстік өлкеге тән ерекшеліктер, балықшылардың әлеуметтік және этникалық құрамы баяндалады.

Түйін сөздер: балық кәсіпшілігі, Түркістан өлкесі, Сырдария облысы, балық аулау ісі, балық өңдеу.

O. Kozhakuly*, A.U. Abdrazakova

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

*e-mail: almusia@internet.ru

The development of fishing in the Turkestan region (XIX century – the beginning of XX century)

The article analyzes the formation and development of fishing in the Turkestan region of the XIX–XX centuries. based on new documentary materials and principles of objective research in the source funds of the archives of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation. As a result of Kazakhstan's accession to Russia, cardinal changes have taken place in the political, cultural, socio-economic life of Renion. The Russian Empire, through administrative and political reforms, destroyed the traditional system of governance in Kazakhstan, dismantled it into governors-general, counties, as a result of which ethnic unity and integrity were violated. As a result of Kazakhstan's accession to Russia, Kazakh nomads were able to carry out exchange and trade relations, capitalist, industrial relations began to develop in the course of trade development in Kazakh villages. The article reveals the identity and importance of the region in the development of fisheries in Kazakhstan. The prerequisites for the formation of fishing entrepreneurship in the Turkestan region and internal and external factors that directly influenced its development, the characteristic features of the southern region, the social and ethnic composition of fishermen are described.

Key words: fisheries, Turkestan region, Syrdarya region, fishing, fish processing.

O. Кожакұлы, А.У. Абдразакова

Қызылорда университетінің Қорқыт Ата атындағы университеті, Қазақстан, Қызылорда

*e-mail: almusia@internet.ru

Развитие рыболовства в Туркестанском регионе (XIX в. – начало XX в.)

В статье проанализировано становление и развитие рыбного промысла в Туркестанском крае XIX–XX вв. на основе новых документальных материалов и принципов объективного исследования в источниковых фондах архивов Республики Казахстан и Российской Федерации.

В результате присоединения Казахстана к России произошли кардинальные изменения в политической, культурной, социально-экономической жизни региона. Российская империя путем административно-политических реформ разрушила традиционную систему управления в Казахстане, разделила на генерал-губернаторства, уезды, в результате чего было нарушено этническое единство, целостность. В результате присоединения Казахстана к России казахские кочевники получили возможность осуществлять обменные и торговые отношения, в ходе развития торговли в казахских селах стали складываться капиталистические, производственные отношения. В статье раскрыта самобытность и значимость региона в развитии рыбного хозяйства в Казахстане. Излагаются предпосылки становления рыбного предпринимательства в Туркестанском крае и внутренние и внешние факторы, непосредственно повлиявшие на его развитие, характерные особенности южного края, социальный и этнический состав рыбаков.

Ключевые слова: рыбные промыслы, Туркестанский край, Сырдарьинская область, рыболовство, рыбопереработка.

Кіріспе

Қазақстанға ресейлік отарлау процесімен қатар енген капиталистік қатынастардың ерекшеліктерін анықтау, бүгінгі нарықтық қатынастардың заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан Қазақстанда балық аулау кәсіпкерлігінің қалыптасуы мен дамуы, оның аймақтық ерекшелігін тиянақты түрде зерттеу – заман талабынан туындап отырған қажеттілік.

Қазақстанның оңтүстігі – ерте дәуірлерден бері геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, этнодемографиялық және мәдени жағынан маңызды аймақ. Бұл өлкенің осындай артықшылықтарын қазіргі уақытта тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін, оның экономикалық тарихына, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастаған жергілікті кәсіпкерлікті дамыту нәтижелеріне объективті баға беру қажет.

Материалдар мен әдістер

Жұмыстың дерек көздерін құрайтын құжаттар: архив құжаттары (РФ ОМТА, 1291- қор, 1396- қор, ҚРОМА 64-қор), тарихи еңбектер (Добромислов А.И., Никольский А.М., Гейер И., Майснер В.И., Берг Л.), құжаттар жинағы (Туркестанская справочная книга с календарем на 1885 год, Обзор Сыр-Дарьинской области за 1886 г.), энциклопедиялық анықтамалар пайдаланылды.

Мақаланың әдіснамалық және теориялық негізін тарихилық, объективтілік және жүйелік талдау принциптері құрайды. Жүйе ретінде біз көрсетілген хронологиялық кезеңдегі орыс-қазақ қатынастарының тарихын, балық кәсіпшілігінің қалыптасуын қарастырамыз. Бұл талдау бізге Қазақстан территориясындағы Ресейдің отарлық саясатының айрықша белгілерін анықтауға көмектеседі. Жұмыста жалпы ғылыми және ар-

найы тарихи зерттеу әдістері қолданылады, атап айтқанда тарихи- салыстырмалы, салыстырмалы-сыни және аймақтық.

Нәтижелер мен талдаулар

XIX ғасырдың екінші жартысы мен соңында Қазақстанда балық кәсіпшілігі дами түсті. Балық кәсіпшілігі негізінен Каспий және Арал теңіздерінде, Жайық, Ембі, Сырдария, Ертіс, Бұқтырма, Іле, Шу өзендерінде, сондай-ақ Балқаш пен Зайсан көлдерінде шоғырланды.

Отарланған аймақты игеру үшін және Россияның ішкі аймақтарындағы саяси-әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету мақсатында Түркістан өлкесіне орыс шаруалары мен орыс-қазақ әскерлерін қоныс аудару қауырт жүргізіле бастады.

Ресейде капиталистік қатынастардың тереңдей және жан-жақты дами түсуі жаңа экономикалық регионалдың игерілуін талап етті. Сондай региондардың бірі – Қазақстандағы оңтүстік өлке, яғни суы мол Сырдария, Шу, Талас өзендері мен Арал теңізі болды. Балық кәсіпшілігін ұйымдастыру, басқару, оны нарықтық қатынастарға тарту үшін патша өкіметі балық кәсіпшілігі туралы бірнеше заңдар мен актілер шығарып отырды. Бұл кезеңде яғни XIX ғ. ортасы балық аулау ісі қазақтарға ертеден таныс кәсіп болғанмен, онымен көбінесе казак-орыс қоныстанушылары – шаруалар айналысты (РФ ОМТА. 1291- қор. 84-тізбе, 36-іс, 4-п.).

XIX ғасырдың қыркыншы жылдарының соңында Петербург капиталистері Арал теңізіне Сырдарияның құяр тұсына жақын жерден Қызыл балық аулау үшін компания құрды; алайда бұл кәсіпорын дұрыс ұйымдастырылмауынан және өндіріс иелерінің алыста болуынан табысқа жете алмады.

1847 жылы Орынборда Арал теңізінен балық аулау акционерлік компаниясы құрылды.

Компанияның бас акционерлері көпес Деевтер, «Михаил» кемесін жасап, 1848 жылы «Николай» әскери кемесімен бірге суға түсірілді (Добромыслов, 1912: 43).

Алғашқы кезде компания балық аулау ісінде табысқа жетіп отырғанымен, сол жылдарға тән көптеген себептерге байланысты: хиуалықтардың керуендерге шабуыл жасауы, балық тасымалдайтын жолдардың болмауы, тұздың жетіспеуі, балық мұздатқышының болмауы және т.б. себептерге байланысты көп өмір сүре алмады.

Балық кәсіпшілігі әсіресе, Сырдария мен Әмудария бойына Орал (Жайық) өзені бойынан казактар мен орыстар жер аударылған кезден, яғни 1875 жылдан бастап жандана бастады. Жаңа қоныстанушылар тәжірибелі балықшылар еді, сондықтан да алғашқы кезде балық аулау кәсіпшілігі түгелдей дерлік солардың қолында болды. Сырдың Арал теңізіне құяр тұсы олардың негізгі балық аулар орны болды.

Қоныс аударушылар балықтың өзен бойымен жоғары өрлеуі үшін жексенбі күні немесе аптаның бір күні балық аулау туралы Оралда орныққан ережелерін жергілікті жерде де қабылдап отырды.

XIX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап Түркістан өлкесіне орыс қоныстанушылары мен Орал казактарының көшіп келуіне байланысты балық шаруашылығы серпін алып, біршама ілгеріледі. Олар іскер, әрі тәжірибелі балықшылар еді (Туркестанская справочная книга, 1884: 81-82). Алайда, қай заманда болмасын шынайы шаруашылықпен айналысатын кәсіпкерлердің табысына қарағанда, саудагерлердің табысы қашанда жоғары болатыны белгілі. Сондықтан олардың аулаған балықтарын алып сатарлар 1 сом 20 тиын – 1 сом 80 тиынға сатып алып, Орынбор т.б. қалаларда 4-5 сомнан сатып, қыруар табыс тапты.

1875 жылы Ванюшиндер фирмасы Арал теңізі Сырдария мен Амудария бойында балық аулап ісін жолға қоюды көздеп, шаруашылыққа қажетті құралдар жіберді. Келесі жылы Ванюшиндер бұл жерге 35000 ілмек, 2200 ау, 2 үлкен балық қанар қабын және балық тұздайтын қазандар т.б. қажетті құрал-жабдықтар әкелді. Нәтижесінде, Ванюшиндер сол жылы-ақ үлкен пайдаға батып, жылына 2600 пұт балыққа дейін аулап отырды (Никольский, 1909: 35, 282-283).

Арал теңізінің жағалауында балық кәсіпшілігінің дамуына балықшылар поселкалары мен кәсіпшілікке жұмысқа көптеп келгендердің әсері ерекше болды. Патша әкімдері жоғары

жаққа балықшылар ауылдарын ұйымдастыру туралы өтініштер жазумен болды. Мысалы, Торғай облысының басқармасына Ырғыз уезінің бастығының жазған рапорттарында: «Арал теңізінің жағалауында Ақеспе деген жерде жұмысшылар поселкасының ашылуы, балық аулау кәсіпшілігінің дамуына өте қолайлы болар еді», – деп жазды (ҚРОМА. 64-қор. 1-тізбе, 395-іс, 125-126 п.).

XIX ғасырдың 80-ші жылдарында Арал теңізінен ауланған балық – 50000 пұт болып, оның бағасы 100000 сомға жеткен, ал 1895 жылы 13300 пұт қаяз балығы, көксерке – 8600 пұт, сазан – 19200 пұт, тыран – 3800 пұт, барлығы – 100600 пұт балық, яғни – 300000 сомға дейін балық ауланған (Добромыслов, 1912: 45). Ал, 1899 жылы 576600 сомға – 185000 пұт балық ауланған (Гейер, 1894: 285).

Балық ұстайтын сарайлар, қазандар, тоңазытқыш – мұздатқыштар пайда бола бастады, сондай-ақ балық өнімдері – уылдырық, балық желімі, ысталған балық т.б. Ырғыз, Орскі арқылы Орынбор, Троицк, Москва, Ташкент пен Түркістанға жөнелтіліп отырды.

Балықшылар мен жұмысшылардың да саны көбейе түсті. 1885 жылы балық аулау ісімен 53 адм, 400 жұмысшы айналысса (олардың – 352 қайығы, 703 – өзен және 2550 қалталы балық ауы, ал 1889 жылы балық кәсіпкерлерінің саны – 398 адам болып, ал қазақ жұмысшыларының саны – 1000 адамға жеткен (РФ ОМТА. 1291-қор. 84-тізбе, 36-іс, 5-п.).

1884 жылы патша әкімшілігі Сырдария сағасындағы балықшылар үшін мынадай ережелер шығарды: барлық балықшылар Қазалы уезі басқармасынан әрбір қайық үшін құны 2 сомдық балық аулау билетін (кәсіпшілікті бақылау шығынын өтеу үшін) алуы тиіс болды. Сондай-ақ балық аулаудың ережелерін бақылау үшін айрықша староста тағайындалды. Оның жанындағы жергілікті тұрғындардан алынған 2 бақылаушы өзендер құйылысында ілмектер мен қалталы ауды қолданбауды бақылады. Сол жылғы кіріс – 698 сом болды, ал Сырдария сағаларында 349 қайық балық аулаумен айналысты (Добромыслов, 1912: 45-46)

1886 жылы облыста Сырдария салаларының Қазалыға жақын тұстағы балық кәсіпшілігі біршама дамып, жылдық ақша айналымы 100000 сомға жетті (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1886 г., 1887: 86)

1886 жылы патша өкіметі Сырдария өлкесінде балық аулау ісін бақылап, зерттеу үшін Закавказьенің шығыс бөліміндегі балық

кәсіпшілігі басқармасының қызметкерлері Д.Н.Соколов пен А.М.Никольскийді, ал 1890 жылы төтенше өкілі А.В.Девельді жіберді. Бұл іссапардың нәтижесіндегі қорытынды есеп бойынша, Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Б.Вревский 1890 жылы Сырдария өзенінде балық аулау туралы уақытша

1) Теңіз саласында 10 шақырымға дейін, өзендерде 2 шақырымға балық ауламау үшін ерекше белгілер қойылатын болды.

2) Балықтың уылдырық шашатын кезі – 1891 жылы көкек, 1892 жылы – мамыр, 1893 жылы – маусым айында өзеннің төменгі ағысында балық аулауға шек қою;

3) Балық аулау үшін ақшалай салық жинау, яғни Арал теңізінде әрбір қайық үшін жылына 12 сом, өзендердегі қайықтан – 6 сом, ау үшін – 10 сом, қалқылама алу үшін – 3 сомнан салықтай алынды.

4) Балық аулау ісін бақылау, ережелердің дұрыс қолдануын қарау үшін 2 бақылаушы, 2 староста бегіленді. Бұлар үшін 1892 жылы – 2840 сом, 1894 жылы – 3560 сом білгіленді (Добромислов, 1912: 47-48).

1897 жыл Түркістан өлкесінде Жер және мемлекеттік мүлік басқармасының құрылуымен байланысты, балық аулау ісін басқару осы мекемеге берілді.

Арал маңындағы балықшылар балық аулауда түрлі кәсіптік құралдарды пайдаланды. Орыс балықшылары екі тор көзді аумен, қармақпен балық аулады. Қазақтар балықшы көтерме-жылым деп аталатын аумен, қалтқыма аумен, үш айырлы ауқадамен аулады. Сондай-ақ қазақ балықшылары, сүзекті (ұзын сырыққа байланған ожаумен суды төгу) пайдаланған, қамыстан бау жасап, оны сатылап орналастырып, соған балықшы қуалаған. Бір жылдың ішінде мұндай «баспалдаққа» – 20000 астам тыран балық түскен. Ауланған балықтың бір бөлігін олар 6 сомнан, кептірілген мың балықты 9 сомнан сатып оырған (Гейер, 1894: 289,291,292).

Мысалы, Қазалыдағы балық кәсіпшілігінің қаншалықты, тиімді болғанын жергілікті жерде және Мәскеуде уылдырықты балықтардың сатылуының төмендегі цифрларынан көруге болады.

1886 жылы Қазалы уезіндегі балық кәсіпшілігі Сырдария өзенінің құйылысында, Көк Аралда, Қамыстыбас көлінде жұмыс істеді. Алғашқы екі жерде балық аулауға 56 адам – қожайын, 629 жұмысшы (балықшы) қатысты. Оларда 293 қайық, 255 ау, 1320 ілмек, 3030

қалталы ау болды, соңғы екі жабдық түрімен қыста да балық ауланады, оларда 19 қожайын 150 жұмысшы болды.

1-кесте – Жергілікті жерде және Мәскеуде уылдырықты балықтардың сатылуы

Уылдырықты балықтың жергілікті жерде сатылуы	Мәскеуге сатылуы
1881 жылы пұты 2 сом 25 тиын	пұты-балық-5сом 50тиын пұты-уылдырық-30сом
1882 жылы пұты 2сом 60тиын	Пұты-балық-6сом50тиын Пұты-уылдырық-40сом
1883 жылы пұты 3сом 10тиын	Пұты-балық-8сом Пұты-уылдырық-57сом
1884 жылы пұты 4сом 20тиын	пұты-балық-7сом20тиын Пұты-уылдырық-60сом
1885 жылы пұты-5сом	пұты-балық-5сом60тиын Пұты-уылдырық-65сом

(Труды императорского общества судоходства, 1900: 87).

Сол жылғы жаз бойы Көкарал мен Сыр жағасында аумен 7000 дана және ілмектермен, қалталы аумен 9200 дана, барлығы 16200 дана балық ауланды (Труды императорского общества судоходства, 1900: 98).

XIX ғасырдың 80-90 жылдарында Арал теңізі мен Сырдарияда және тағы басқа өзендер мен көлдерде оннан аса балық кәсіпшілігі құрылып, балық өңдеу және бекіре балығын аулайтын кәсіпорындарға айналды. Сонымен қатар бұл территорияда балықшылар ауылы қалыптаса бастады. Балықшылар ауылының тұрғындары балық кәсіпшілігіне келген көбінесе қазақ жұмысшылар болды. Мысалға, 1900 жылы Арал аймағындағы өзендерде – 1400 балық аулаушы (қазақтар) болса, теңіз балығын аулаушылар – 1600, барлығы 3000 адам жұмысшылар болған (РФ ОМТА. 1396-қор. 1-тізбе, 213-іс. 118-119).

Сырдария облысындағы балық шаруашылығымен айналысуда Яганов пен Шапошников айрықша көзге түсті. Олар жыл сайын келесі аулау маусымы үшін балықшыларға қарыздар беріп, теңізден балық аулау қайықтарын, құрал-жарақандықтармен сайландырды. Бұл жағдайда бір қайыққа 50 сомнан артық кетпеуі есепке алынды. Мұнымен қатар толық жарақтану үшін әрбір балықшыға жазғы науқанға 100 сомға жуық қажет болды (Гейер, 1894, 289). «Орион» яхтасының рөлшісі балықшы И.Толстов «Шаланды» бұқауында 200 метрлік аумен 150000

дана тыран, ал Көкаралдан бір жазда 6 қайықпен 3000 бекіре ұстаған (Майснер, 1916: 21)

1907 жылы Туленберген Құрманбеков серіктестік құрып Ащыкөл көлінен бір салымда 60000 сазан ұстаған. Ол сазандарды татар Қали Новаев 60 тиыннан 3 сомға дейін 100-не ақы төлеп сатып алады. Нәтижесінде серіктікке қатысушылардың әрқайсысы барлық шығындарын қоса есептегенде Қ.Ноғаетан 3 сомнан таза ақшалай пайда алған (Заорская, 1915, 22). 1905 жылы Қазалы уезіндегі Қамыстыбас көлінен Любимов деген балықшы бір салымда 23000 сазан ұстаған. 1907 жылы Шыбынды болысының қазағы Сарынбай Алтынбаев осы көлден бір тартымда ұстаған сазандарын 3200 сомға сатқан (Заорская, 1915: 22).

XX ғ. басында Арал теңізі мен Сырдария өзенінің сағасындағы балық шаруашылығы жедел дами бастады. Бұл Орынбор-Ташкент темір жолының ашылуымен байланысты еді. Осы кезде Арал теңізінде көптеген балық кәсіпорындары пайда болып, су жолы қатынасы дами бастады. Балық кәсіпшіліктердің көбеюіне байланысты Қазалы тұрғындарының саны өсіп, Аманөткел, Қармақшы, Қамыстыбас және басқа жерлерде қоныстар пайда бола бастады. Орынбор-Ташкент теміржолының тартылуы өзендерден де балық аулау ісінің маңыздылығын арттыра түсті. Қазалы уезінде 25-тен астам балықты

көл бар еді, ал олардың ішінде балығы мол көл Қамыстыбас болды. Соңғы жылдарда Қамыстыбас көлінен балық аулауға берілген рұқсат үшін қазынаға 3000 сом ақша түскен. Ал көлден балық аулау билетінің құны 9 сом 45 тиын болған. Бұл баға 200 метрлік әрбір ау үшін белгіленген баға болатын. Қамыстыбас көлінен балық аулауға 1 қаңтардан жаңадан мұз қатқанға дейін, ал Қаракөл, Шөмішкөл және Мақпал көлдерінен, Қазалы уезі мен Перовск уезінің балық көлдерінен наурыздың 1-мен қазанның 1-не дейін балық аулауға тыйым салынды.

Ауланған балық көлемі жыл сайын өсіп отырды. Мысалы: 1905 ж. – Қазалыдан 54008 пұт балық жіберілсе, 1906 ж. – 17749, 1907 ж. – 185375 пұт балық жөнелткен. А.И. Добромисловтың мәліметтеріне қарағанда Арал теңізі бассейніндегі балық аулау нәтижесі 1906 жылы 1 миллион сом болса, 1909 жылы – 4 миллион сомға жеткен (Добромислов, 1912: 44-52)

Арал теңізі бассейнінен көрсетілген жылдарда ауланған балық туралы «1906-1907 жж. Ташкент темір жолы бойымен үлкен және шағын жылдамдықта жолаушыларды, жүктер мен тауарларды тасымалдаудың статистикалық жинақ ведомствосында» мәліметтер бар. Ауланған балықтар Арал теңізі бассейнінен Орынборға жіберіліп отырған. Бұл туралы төмендегі кестеде көрсетілген.

2-кесте – Арал теңізі бассейнінен ауланған балықтардың Орынборға жіберілуі

Темір жол станциясы	1905 ж.	1906 ж.	1907 ж.
Қамыстыбас	99,559 пұт	100367 пұт	301168 пұт
Қазалы	5400 пұт	177499 пұт	185375 пұт
Перовск	-	91328	123712
Арал теңізі станциясы	13364	37381	85046
Қараөзек	-	76652	13431
Теренөзек	-	57436	22602
Жосалы/Қармақшы/	-	23957	30953
Шалқар	768	16566	21559
Бекбауыл	5502	23377	6298
Шиелі	-	6432	8473
Ташкент пен Орынбор арасында басқа да станциялар	6,279	243222	71005
Барлығы:	179540 пұт	844217 пұт	869512 пұт

(РФ ОМТА. 1291-қор. 84-тізбе, 36-іс, 11 п.)

1906 жылы Орынбор мен Ташкент аралығындағы станциялардан 24118 пұт қызыл балық, ал 1907 жылы небәрі 7754 пұт қызыл балық жөнелтілген. Бұл балықтар негізінен жас күйінде (тоңазытылған) және тұздалған күйде жөнелтілген (РФ ОМТА. 1291-қор. 84-тізбе, 36-іс, 11 п.).

3-кесте – 1909 жылы «Арал теңізі» станциясындағы қоныстанушылар басқармасының жазбалары бойынша балықтың бағасы

Сазан/1-пұт/	90 тиыннан-2 сом 40 тиынға дейін
Табан мен торта	50 тиыннан-1 сом 4 тиынға дейін
Жайын	1 сом 60 тиыннан-3 сомға дейін
Қаяз	2 сомнан-3 сомға дейін
Шабак	5 сомнан-7 сомға дейін
Шортан	60 тиыннан-2 сомға дейін
Ақмарқа	1 сом 50 тиыннан-3 сомға дейін
Көксерке	1 сом 80 тиыннан-2 сом 50 тиынға дейін

(РФ ОМТА. 1291-қор, 84-тізбе, 36-іс, 11 п.)

Арал теңізі бассейнінен жыл сайын жіберілген балықтың бағасы Қаратеңіз және

Мурманск балық шаруашылығының өнімділік бағасымен салыстырғанда жоғары болды. Жыл сайын Арал теңізі бассейнінен 3-4 млн сомға дейін балық, балық өнімдері жіберіліп отырған (РФ ОМТА. 1291-қор. 84-тізбе, 36-іс, 12 п.). Теңізден, өзендерден балық аулауға билеттер сатылып отырды. 1909 жылы Сырдария учаскесі бойынша 2687 билет сатылған.

Балық кәсібімен айналысушы адамдар саны Сырдария өңірінде жыл сайын өзгеріп отырған, яғни балық аулаушы – жергілікті тұрғындар тұрақты болмаған; қазақтар көшіп келгеннен кейін, қысқы балық аулау кәсібі кезінде олардың саны біршама өскен, ал жазда олардың біразы жайлауға көшіп отырған. Сонымен Арал теңізі бассейнінде 1909 жылы балық кәсіпшілігімен айналысатындар саны 20000 адамға жуықтаған, ал балық аулайтын кемелер саны Сырдария ауданында 850-ге жуық болса, Әмударияда 325 шамасында болған. Ал, балық жүктерін тасымалдау үшін жалпы жүк көтергіштігі 50710 пұт болатын 57 кеме болған (РФ ОМТА. 1291-қор. 84-тізбе, 36-іс, 13 п.)

Арал теңізі бассейнінде балық кәсіпшілігінен қазынаға түскен кіріс туралы мәліметтерден қазынаға түскен кірістердің жыл сайын өскенін байқауға болады. Әсіресе, бұл кіріс, 1905 жылы Орынбор-Ташкент темір жолының салуынан кейін көбейе түскен.

4-кесте – Арал теңізі бассейнінде балық кәсіпшілігінен қазынаға түскен кіріс туралы мәліметтер

Жылдар	Сырдария	Әмудария	Барлығы
1884	698 сом	-	698 сом
1887	374 сом	-	374 сом
1890	1416 сом	688 сом	2104 сом
1893	3526 сом	1582 сом	5108 сом
1896	6879 сом	4989 сом	11868 сом
1900	16915 сом 50 тиын	4544 сом 50 тиын	21460 сом
1903	19277 сом 55 тиын	2036 сом	21313 сом 55 тиын
1906	28244 сом 88 тиын	1054 сом 50 тиын	29299 сом 38 тиын
1908	34047 сом 67 тиын	3997 сом 09 тиын	38044 сом 76 тиын
1910	45000 сом	5500 сом	50500 сом

Сондай-ақ Арал теңізінде жылына 500000 пұттай балық ауланып отырған. Балық аулау жағынан Арал кәсіпшілігі Ресейде белгілі орынды иемденіп, Кубань, Псков, Чуд, Свирск сияқты балық кәсіпшіліктерінен, тіпті Беломор

сияқты ежелгі орыс балық кәсіпшіліктерінен де кем түспеген (Заорская, 1915: 13)

1907 жылы ресми деректерге қарағанда, тек қана балық өнімдерінің Орынбор-Ташкент темір жолымен 915211 пұты ғана тасымалданған, ал

ауланған балықтың өзі 800000 пұт болған (Заорская, 1915: 15)

1907-1908 ж. Арал қаласында жаңадан 5 балық өнеркәсіп фирмасы ашылып, балық қабылдау және тұздауды жүзеге асырды. «Аралда – деп жазды сол кездегілер – үлкен болашақ ашылды және одан Түркістан орталығындағы ірі сауда өнеркәсібі болатынын көруге болады» (Заорская, 1915: 64-66)

1905 жылдан 1913 жылға дейін Аралда ауланған балықтардың саны 2 миллион пұтқа дейін жеткізілген (Туркестанский сборник, 1866: 2).

1912 ж. Қазалы, Перовск, Арал теңізі, Шиелі станцияларынан жазғы маусым кезінде Орынбор бағытына 149450 пұт жас және тұздалған балық жөнелтілген. Балық пен балық өнімдері Еуропалық Ресейдің Мәскеу, Новгород, Орынбор, Саратов, Самара т.б. сондай-ақ Түркістан өлкесінің көптеген жерлеріне жіберілген. Мысалы, тек қана Ташкент темір жолы арқылы 1910 жылы Еуропаға, Ресейге, 1825750 пұт балық ал 1912 жылы 1976000 пұт мөлшерінде (бағасы 5 миллион сом) балық жөнелтілген (Туркестанский сборник, 1866: 114).

Сырдариядағы балықшылық өзен сағасына негізделіп, ал көлдерден балық аулау Сырдария сағасы мен Қазалы қаласы аралығындағы 150 шақырым жерге созылған. Бұл кезде Қазалы уезінде – 113, ал Перовскіде – 145 балық аулайтын көл есепке алынған (Дильмухамедов, 1963: 108).

Өзен және көлдердегі балық кәсіпшілігінде балықшы қазақтар көп болды. Мысалы, 1913 жылы билеттердің 71,8 пайызы қазақтарға, 25,2 пайызы оралдық қазақтарға, 3 пайызы орыстарға сатылған (Материалы к познанию русского рыболовства, 1916: 52) Қысқы өзен балық кәсіпшілігінде түгелдей қазақтар болды. Олар жақын тұстағы Ақшатау, Шыбынды, Райым, Қаракөл және т.б. болыстарының тұрғындары еді.

Л. Бергтің мәліметтері бойынша, Арал теңізі балық кәсіпшіліктерінде балықшылардың жалпы саны бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында 15-20 мың адамға дейін жеткен (Берг, 1926: 90)

Қорытынды

Байқағанымыздай, XIX ғ. соңы XX ғ. бас кезінде Сырдария облысында балық шаруашылығы жедел дами түсті. Бұған Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы, Арал теңізі мен Сырдария өзендерінде, көлдерінде балықтың көп болуы, балық аулаушылардың көбеюі әсерін тигізді. Балық аулаушылардың көпшілігі қазақтар болды. Арзан жұмыс күшінің көп болуы, темір жол қатынасының пайда болуы Ресей мемлекетінің қазынасына түсетін кірістерді де көбейткені белгілі. Балықшылар арасында да әлеуметтік жіктелу күшейе түсті.

Әдебиеттер

- Берг Л. Современное состояние Аральского рыбного хозяйства. Ленинград, 1926.
- Гейер И. Голод и колонизация Сыр-Дарьинской области: Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Т. 3. – 1894.
- Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата, 1963.
- Добромыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1912.
- Заорская В.В. Александр К.А. Промышленное заведение Туркестанского края. Пет., 1915.
- ҚРОМА. 64-қор. 1-тізбе, 395-іс.
- Майснер В.И. Рыбный промысел в Семиречье и его возможное будущее. – СПб., 1916.
- Материалы к познанию русского рыболовства. Т. 5. Вып. 1. Пг., 1916.
- Никольский А.М. О рыболовстве в водах Аральского бассейна. – СПб., 1887; Гейер И.И. Туркестан. Ташкент, 1909.
- Обзор Сыр-Дарьинской области за 1886 г. – Ташкент, 1887.
- РФ ОМТА. 1396-қор. 1-тізбе, 213-іс.
- РФ ОМТА. 1291- қор. 84-тізбе, 36-іс.
- Труды императорского общества судоходства. Ч. 2. Вып. 1. СПб., 1900.
- Туркестанский сборник. Т. 290. (Соколовский Э. Описание восточной части степи); Михайлов М.Д. О Сыр-Дарьинских киргизах. // «Неделя», 1866, №3.
- Туркестанская справочная книга с календарем на 1885 год. – Ташкент, 1884.

References

- Berg L. The current state of the Aral fishery. – Leningrad, 1926.
- Geyer I. Famine and colonization of the Syr-Darya region. – Collection of materials for the statistics of the Syr-Darya region. vol. 3. 1894.

- Dilmukhamedov E. Malikov F. Essays on the history of the working class of pre-revolutionary Kazakhstan. – Alma-Ata, 1963.
- Dobromyslov A.I. Cities of the Syr-Darya region. – Tashkent, 1912.
- Zaorskaya V.V. Alexander K.A. Industrial establishments of the Turkestan region. – Pet., 1915.
- Kroma. 64-Foundation. List 1, case 395.
- Meisner V.I. Fishing in Semirechye and its possible future. – St. Petersburg, 1916.
- Materials for the knowledge of Russian fishing.vol.5. issue 1.Pg., 1916.
- Nikolsky A.M. On fishing in the waters of the Aral basin. – St. Petersburg, 1887; Geyer I.I. Turkestan. Tashkent, 1909.
- Review of the Syr-Darya region for 1886. – Tashkent, 1887.
- RUSSIAN OMTA. 1396-Foundation. List 1, case 213.
- RUSSIAN OMTA. 1291-Foundation. List 84, case 36.
- Proceedings of the Imperial Shipping Society. Part 2. Issue 1. St. Petersburg, 1900.
- Turkestan collection.T.290. (Sokolovsky E. Description of the eastern part of the steppe); Mikhailov M.D. About the Syr-Darya Kirghiz. // “Week”, 1866, No. 3.
- Turkestan reference book with calendar for 1885. – Tashkent, 1884.